

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы

Заң институты
Қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз
ету кафедрасы

Бекітемін
Академия бастығының ғылыми
жұмыс жөніндегі орынбасары
полиция полковнигі

О. Т. Сейтжанов
« ____ » _____ 2019 ж.

5B030300 - «Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған

**KRKZHZ 4311 «Қазақстан Республикасының қолтаңба жазбасын зерттеуі»
пәні бойынша жұмыс оқу бағдарламасы (SYLLABUS)**

Оқыту нысаны: күндізгі
Курс: 4
Семестр: 7
Кредиттер саны – 1
Дәрістер – 4 сағат
Семинарлар:
Практикалық сабақтар – 11 сағат
Межелік бақылаудың саны (МБ): 2
КООЖ- 15 сағат
КӨЖ – 15 сағат
Емтихан 7 семестр

Қарағанды 2019

**5B030300 - «Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған
«Қазақстан Республикасының қолтаңба жазбасын зерттеуі» пәні бойынша
жұмыс оқу бағдарламасы (SYLLABUS), 43б.**

Дайындағандар:

Ж.Е.Айтжанов, қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету кафедрасының оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі.

Қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету кафедрасында талқыланды.

2019 ж. «04» 06 № 28 хаттама

Кафедра бастығы

А.Б. Жакулин

Академияның Оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында бекітілді.

2019 ж. «11» 07 № 11 хаттама

© Қазақстан Республикасының ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы, 2019 ж.

2.1 Негізгі ақпарат:

1. Мамандықтың шифры мен атауы	5B030300-«Құқық қорғау қызметі»
2. Курс, семестр	4 курс, 7 семестр
3. Пән циклы	KRKZHZ 4311 «Қазақстан Республикасының қолтаңба жазбасын зерттеуі»
4. Кредиттер саны	1
5. Сабақты өткізу орыны	307, 308, 315 оқу аудиториялары
6. Дәріскер	А.Ж.Жүнісова - кафедра доценті, А.Б.Сәкенова – з.ғ.к., кафедра профессоры, доктр PhD. «Қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету» кафедрасы ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының 1-оқу ғимаратының 3-қабатында орналасқан, № 314-кабинет, телефондары: 3-39; 30-33-88
7. Сабақты жүргізетін оқытушылар	А.Ж.Жүнісова - кафедра доценті, А.Б.Сәкенова – з.ғ.к., кафедра профессоры, доктр PhD. Қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету кафедрасы ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының 1-оқу ғимаратының 3-қабатында орналасқан, № 314-кабинет, телефондары: 3-39; 30-33-88

2.2 Пререквизиттері:

Пән криминалистика, қылмыстық процесс, дактилоскопиялық зерттеу, суық қаруды зерттеу, трасологиялық зерттеу, психология, зерттеу фотосуреті және бейнежазбасы пәндерін оқу кезінде алынған біліммен, ептіліктермен және дағдылармен негізделеді.

2.3 Постреквизиттері:

Пән келесідей пәндерді: алдын ала тергеу органдары қызметтерін криминалистикалық қамтамасыз ету, сот экспертологиясы, жекелеген қылмыс түрлерін тергеу және ашу, ескертудің ерекшеліктері, қолжазба зерттеуі, криминалистикалық тіркеудің заманауи мүмкіндіктері, өндірістік практиканы меңгеруге қажетті теориялық-практикалық тұғырнамасын орнатуы қажет.

Пәннің пәндік мазмұны олардың жеке және топтық практикалық тапсырмаларды орындау жолымен бекітудің негізгі дәрістер курсы қамтыған. Оқу курсының құрудың бұндай тәртібі тыңдаушылардың қарастырылып отырған курс тақырыптары бойынша алдын ала ақпараттық дайындықтарына негізделеді, курсанттардың дайындығы алдағы дәрістерді дәлелді талқылау арқылы және қолжазу зерттеуі бойынша практикалық дағдыларды қалыптастыру.

Осы үшін оқытушы оқытылатын тақырыптар бойынша курсанттарды дидактикалық материалдарымен және әдебиеттер тізімімен алдын ала

қамтамасыз етеді. Курсанттар теориялық материалдарды оқып білуі және жоспарға сәйкес әрбір дәріс алдында жоспарланған практикалық тапырмаларды орындаулары қажет.

2.4 Пәннің қысқаша сипаттамасы:

«Қазақстан Республикасының қолтаңба жазбасын зерттеуі» пәні «ПО жедел-криминалистика қызметі» мамандығы бойынша бейімді пәндердің бірі болып табылады және оқу жылының 4 курсының 7 семестрінде оқытылады.

Пәнді оқытудың мақсаты – қолжазбатану ғылыми негіздері туралы курсанттардың білімді игеруі (пәні, объектілерінің әдістері, заманауи ғылыми жетістіктерді қолжазба зерттеуінде қолдану);

Курсанттар практикалық тапсырмаларды шешу кезінде дамыған заманауи ғылым мен техниканы, қолжазбатану ғылыми білімдерінің негіздерінің кәсіби ептіліктерін пайдалану; қалыптасқан шығармашылық ойлауы негізінде өздігінен арнайы білімдері игеруі және оларды әртүрлі практикалық қызметтік жағдайларында қолдану; іздеу-зерттеу қызметінде курсанттарда іскерлік дағдалардың қалыптасуы.

Мамандарды дайындау үрдісінде кәсіптік сипаттарын ескере, зерделенетін құжаттардан қажетті ақпараттарды өздігінен табу іскерлігіне басты назар аударылады, өз білімдерін жаңа әдістерді меңгерумен толықтыру, құжаттарды зерттеуде техникалық құралдарды пайдалану және еңбекті ғылыми ұйымдастырудың әдістерін оқып білу, ғылыми ізденуді шығармашылық жүргізу, фактілер мен құбылыстарды саралай және жинақтай білу.

Курсанттар білім алу барысында қолжазбатану сараптамасының объектілері құжаттарды, зерттеудің үлкен және аз көлемде орындалған қолжазба объектілерінің, диагностикалық және идентификациялық міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін оладың шығу заңдылықтары мен белгілерін оқып білу.

Білімдерді меңгеру, ептілік пен дағдыларға ие болу – оқу жұмысының барлық нысандарында пайдаланылатын біртұтас үрдіс.

Пәнді оқытудың міндеттері:

Курсанттар тергеліп отырған жағдайға байланысты ақпараттарды кешенді зерттеу негізінде оған криминалистикалық мінездеме беру, іздердің жүйесін және өзге де дәлелдемелік ақпараттар көздерін анықтау, тергеулік жағдайды саралау және бағалау, нұсқаларды ұсыну, тергеу әдістемесінің ықтимал нұсқаларын тандау бойынша тактикалық шешімдер қабылдау, криминалистикалық-техникалық ойлаудың кәсіптік негіздерін қалыптастыру.

Оқиға механизімі, қылмыскердің жеке басын, оның әрекетінің себептері, қылмысқа ықпал еткен қылмыстық қолсұғушылық туралы мәліметтерді табу, анықтау, бекіту, алу, зерттеуде криминалистикалық-техникалық құралдары мен әдістері қолданудың мүмкіндіктерін практикасын меңгеру.

Өздігінен криминалистикалық білімді толықтыру. Өз бетімен оқудың негізгі әдістемесін меңгеру, криминалистикалық әдебиеттермен, жаңа криминалистикалық құралдармен, ұйымдастырушылық және есептегіш техникаларымен, бекіту тәсілдері және меңгерілген ектіліктерін дамытуға,

қылмыстарды тергеп-тексерудің практикалық қызметін біріктіру және саралаудың негізгі әдістемелерін, әртүрлі жағдайларда тергеуді ұйымдастыру және басқару жұмыстарын үйрету.

Тәрбиелік міндеттер:

Заңдылық, әлеуметтік әділдік және қарастырылып отырған қылмысты тергеп-тексеру кезінде адамгершілік тазалық қағидалары түсініктерін терең түсіну.

Қылмыстарды тергеп-тексеруде және ашуда, алдын алу практикасы үшін криминалистикалық білімдердің, әдістері мен құралдары рөлін түсінуі.

Әрбір курсантқа әрдайым кәсіби біліктілік деңгейін біліктілікті арттыру және өздігінен білім алу жолымен көтеру қажеттілігін түсіндіру.

Оқытудың нәтижесі:

Курсанттар курсты оқу нәтижесінде келесі білімдерге ие болады:

1. Қолжазбатанудың негіздері;
2. Жазу тілінің идентификациялық белгілерін;
3. Жазудың идентификациялық белгілерін;
4. Қолжазбатану зерттеуін жүргізудің әдістемесі;
5. Қолжазбатану зерттеу нәтижелерін бағалау.

Келесілерді жасай білуі тиіс:

- жазу тілінің жалпы және жеке белгілерін анықтау;
- жазудың жалпы және жеке белгілерін анықтау;
- қалыпты жағдайда орындалған, қолжазба мәтінімен орындаушыны идентификациялау;
- қысқа және сандық жазбаларымен орындаушыны идентификациялау;

Тәжірибеде білім мен түсініктерінің ерекшеліктерін пайдалану:

Оқу үрдісінде алған теориялық білімдерін кәсіптік қызметінде пайдалану. Негізгі криминалистикалық-техникалық құралдарды дұрыс тандай және қолдана білу.

Шешім қабылдау және ойларды бағалау, тұжырымдарды ұсыну қабілеті.

Криминалистиканың әртүрлі мәселелері туралы әртүрлі ойларды саралау және олардың негізінде өзінің жеке тұжырымдарын қалыптастыру қабілеті.

Қатысымдық біліктер:

Криминалистиканың мәселелерін, ойлары туралы ақпараттарды көрнекілі ұсына білу және аудитория сипатын ескере келе оларды әртүрлі формада шешу.

Оқу қабілеті:

Әрбір курсантқа әрдайым кәсіби біліктілік деңгейін біліктілікті арттыру және өздігінен білім алу жолымен көтеру қажеттілігін түсіндіру. Кәсіби деңгейін өздігінен жетілдіру дағдысына ие болу.

2.5 Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

№	Жұмыс түрлері	Тапсырманың мақсаты мен мазмұны	Ұсынылатын әдебиет тізіміне сілтеме	Бақылау нысаны (рейтинг-шкалаға сәйкес)	Баллдар (рейтинг-шкалаға сәйкес)	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Практикалық сабақтарда ауызша жауап беру	Жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес (силлабус)	Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиетті қолдану	Ағымдағы бақылау (сабақтағы ауызша жауап пен жасалған жұмыс бағаланады)	Сабақтың барлық тақырыптарына ауызша жауап бойынша 100 баллға дейін	Жауап сабақ барысында журналда бағаланады	Сабақ кестесі мен оқу жоспарына сәйкес, сабақта бағаланады
2	Ауызша жауап, баяндама жасау, КОӨЖ	Жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес (силлабус)	Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиетті қолдану	Ағымдағы бақылау (КОӨЖ сабағында ауызша жауап пен жасалған жұмыс бағаланады)	Сабақтың барлық тақырыптарына ауызша жауап бойынша 100 баллға дейін	Жауап сабақ барысында журналда бағаланады	Сабақ кестесі мен оқу жоспарына сәйкес, КОӨЖ сабағында
3	Межелік бақылауға дайындық	Бақылау сұрақтары	Семестр ішінде дайындық	Аралық бақылау (коллоквиум)	100 баллға дейін	Жауап «Платон ұста» бағаланады	Оқу жоспарына сәйкес
4	Бақылау жұмыс (криминалистикалық зерттеу)	Жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес (силлабус)	Бүкіл оқыту кезеңі ішінде орындалады	Ағымдық бақылау (бақылау жұмыспен бағаланады)	100 баллға дейін	Бақылау жұмысы тізімде меде бағаланады	Оқу жоспарына сәйкес
5	Емтиханға дайындық	Емтихан сұрақтары	Оқытудың барлық мерзіміндегі дайындық	Қорытынды бақылау	100 баллға дейін	Емтиханда жауап ведомоста бағаланады	Оқу жоспарына сәйкес

2.6 Курстың саясаты

«Қазақстан Республикасының қолтаңба жазбасын зерттеуі» пәнін зерделеу кезінде келесідей ережелердің сақталуын сұраймыз:

1. Сабаққа кешікпеу, сабақ барысында тәртіпті сақтау.
2. Сабақты орынсыз себептермен жіберіп алмау, сырқаттанған жағдайда тиісті медициналық анықтама, ал басқа жағдайларда — түсініктеме жазба ұсынылуы тиіс.
3. Қанағаттанарлықсыз бағалары және өткізіп алған сабақтары бойынша өтеулер жасау.
4. Курсанттардың өзіндік жұмыстары көрсетілген көлемде және бекітілген мерзімде ұсынылған әдебиеттерді және оқу-әдістемелік әдебиеттерін немесе оқу және интернет-сыныптары, кітапханалардағы өзге де қайнар көздер көмектерімен орындау.
5. Сабақ үстінде сөйлеспеу, ұялы телефондарды сөндіріп қою.
6. Оқу процесіне белсенді қатысу.
7. Курстастары мен оқытушыларға ашық мінезді болу, кең пейілділік, шыдамдылық таныту.

Бағаларды қою саясаты:

Қағидалары:

- әділдік;
- ашықтық;
- икемділік;
- жоғары саралау.

2.7 Ұсынылатын әдебиет тізімі

№ Р	Атауы	Шығарылған жылы
1. Нормативтік құқықтық актілер		
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы	30 тамыз 1995 жыл (2017.10.03 берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
2	Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі	04 шілде 2014 жыл (2018.24.05 берілген өзгерістермен толықтырулармен)
3	Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі.	03 шілде 2014 жыл (2018.24.05. берілген өзгерістермен толықтырулармен)
4	Қазақстан Республикасының азаматтық процесілік кодексі	31 қазан 2014 жыл .№377- V (2018ж. берілген өзгерістермен толықтырулармен)
5	Сот сараптама қызметі туралы	10 ақпан 2017 жыл (2017ж. берілген өзгерістермен толықтырулармен)
6	Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы заңы	23 сәуір 2014 жыл(2018ж. берілген өзгерістермен толықтырулармен).
7	Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы Қазақстан Республикасының заңы	30 желтоқсан 2016 жыл (іске қосылмаған) қабылданған
8	«Қазақстан-2050» Стратегиясы.	Қазақстан халқына жолдау. 14 желтоқсан 2012 жыл.

9	ҚР ІІМ № 75 «Ішкі істер органдарында жедел-криминалистикалық қызметті жүргізу Ережелерін бекіту туралы» бұйрығы	21 шілде 2014 жыл.
2. Негізгі әдебиеттер		
10	Аверьянова Т.В., Белкин Р.С., Корухов Ю.Г. и др. Криминалистика.	Норма - 2007, 944 с.
11	Аверьянова Т.В. Судебная экспертиза: Курс общей теории.	М.: Норма, 2006.
12	Аверьянова, Т.В. Криминалистика: учеб. для вузов / Т.В. Аверьянова [и др.]; под ред. Р.С. Белкина.	М.: Норма-Инфра-М, 2002. – 990 с.
13	Криминалистика: Учебник / Отв. ред. Б. М. Нурғалиев.	Қарағанда: Болашақ-Баспа, 2009. – 813 с.
14	Сборник примерных образцов заключений эксперта по судебно-почерковедческой экспертизе: Учеб.пособие/Под общ.ред. М.П.Кошманова..	- Волгоград: ВА МВД России, 2001.- 118с
15	Дильбарханова Ж.Р. Криминалистическое исследование почерка.	Алматы.-Эверо, 2002
16	Идентификационные признаки буквенного, цифрового и подписного почерка; учеб.пособие.	Волгоград: ВА МВД России, 2006. – 114с.
17	Россинская Е.Р. Судебная экспертиза в гражданском, арбитражном, административном и уголовном процессе.	М., 2011.-300с.
18	Кошманов М.П., Шнайдер А.А., Кошманов П.М. Признаки почерка.	Саратов, 1997.
19	Винберг Л.А., Шванкова Т. Почерковедческая экспертиза	Волгоград, 1977г.
20	Судебно-Почерковедческая экспертиза, ч.1,ч.2 ВНИИСЭ, М., 1971г.	М., 1971г.
21	Решение отдельных типовых задач судебно-почерковедческой экспертизы. Методическое пособие для экспертов.	М., 1985г.
22	Дильбарханова Ж. Криминалистическое исследование письма.-	Алматы:Эверо, 2002.- 150 с.
23	Почерковедение и почерковедческая экспертиза: Курс лекций / Под. ред. В.В. Серегина.	Волгоград: ВА МВД России, 2002. 228 с.
24	Судебно-почерковедческая экспертиза документов: учебно-практическое пособие / Под ред. Е.П. Ищенко. –	М.: Юрлитинформ, 2006. 170 с.
25	Буринский Е. Ф. Судебная экспертиза документов..	СПб., 1903
26	Введение в судебную экспертизу: учеб. пособие / Н. П. Майлис..	М., 2004. С. 60
27	Богачкина Г. Ф., Манцетова А. И., Орлова В. Ф., Собко Г. М. и др. Исследование рукописей, выполненных измененным почерком // Экспертная техника.	М., 1972. Вып. 41.

28	Шахтарина Н. И. Судебно-почерковедческая экспертиза с использованием данных количественной значимости частных признаков // Экспертная техника.	М., 1968. Вып. 26.
29	Техника экспертизы документов: Графическая экспертиза документов.	М., 1965. Вып. 1.
30	Применение методов исследования, основанных на вероятностном моделировании в судебно-почерковедческой экспертизе: метод. пособие.	М., 1976.
31	Левицкий А. Б., Молоков Э. П., Серегин В. В., Сосенушкина М. Н., Колесова Е. Ю. Методика вероятностно-статистической оценки совпадающих частных признаков почерка в прописных буквах русского алфавита: учеб. пособие.	М., 1996.
32	Использование интегративных (особенных) признаков при идентификационном исследовании почерка: метод. письмо для экспертов.	М., 1987.
33	Орлова В. Ф., Кринский В. И. Возможности использования теории вероятностей для оценки различий частных признаков почерка // Экспертная техника.	М., 1969. Вып. 27
34	Орлова В. Ф. О некоторых возможностях вероятностной оценки различий частных признаков при проведении судебно-почерковедческих экспертиз: метод. письмо.	М., 1970
35	Самороковский В. М. Координатно-графический метод исследования почерка. Воронеж, 1973; Он же. Криминалистическая экспертиза почерка с применением математической модели вариационности признаков//Экспертная техника.	М., 1977. Вып. 55.
36	Судебно-почерковедческая экспертиза: пособие для экспертов-почерковедов и судебно-следственных работников.	М., 1971. Ч. 1.
37	Кошманов М. П. О моделировании признаков почерка методом оптического интегрирования // Экспертная практика и новые методы исследования.	М., 1983. Вып. 14.
38	Кононов А. А., Смирнов А. В. Идентификационное исследование рукописных текстов, выполненных с подражанием печатным шрифтам, при ограниченной сопоставимости сравнительного материала: метод. письмо для экспертов.	М., 1989

40	Расулов А. С. Установление факта выполнения рукописи непривычной к письму (левой) рукой: метод. рекомендации..	Ташкент, 1986
41	Орлова В. Ф., Смирнов А. В. Исследование подписей, выполненных в необычных условиях: метод. пособие.	М., 2002
42	Горгошидзе Л. Ш., Смирнов А. В. Судебно-почерковедческое исследование подписей, выполненных в необычных условиях (состоянии алкогольного опьянения) в целях решения диагностических и идентификационных задач // Экспертная техника.	М., 1985. Вып. 89
43	Орлова В. Ф., Панова Р. Х., Смирнов А. В., Ширшкова Н. Ю. Методы исследования структурно-геометрических и нажимных характеристик для установления исполнителя кратких буквенных записей: метод. рекомендации для экспертов..	М., 1993
44	Кулагин П. Г., Колонутова А. И. Дифференциация рукописей на мужские и женские // Судебно-почерковедческая экспертиза.	М., 1971. ч. 2
45	Терзиев Н. В. Идентификация и определение родовой (групповой) принадлежности.	М., 1961. С. 30.
46	Комплексная методика решения судебно-почерковедческих идентификационных задач, связанных с исследованием буквенных текстов: метод. пособие для экспертов.	М., 1982.

2.8 Пән бойынша сабақтарды жүргізудің тақырыптық жоспары

Р/с.№	Тақырып нөмірі	Тақырып атауы	Кредиттер (сағаттар) саны	Аудиториялық сағаттар			КӨЖ	КӨЖ
				дәрістер	Семинарлық	Практикалық сабақтар		
1	1	Қолжазба зерттеуінің теориялық негіздері.	10	1		2(1+1)	1+1+1	4
2	2	Жазудың идентификациялық белгілері.	12	1		4(1+1+1+1)	1+1+1+1	3
3	3	Идентификациялық қолжазба зерттеуінің әдістемесі.	15	1		3(1+1+1)	1+1+1+1+1	6

4	4	Қолжазба зерттеуінің идентификациялық міндеттерін шешу кезінде қолданылатын модельдеудің математикалық әдістері.	8	1		2(1+1)	1+1+1	2
ИТОГО:			45	4		11	15	15

2.9 Сабақ жоспарлары

Дәріс сабақтары

1 тақырып. Қолжазба зерттеуінің теориялық негіздері.

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Жазу мен қолтаңба түсінігі. Қолтаңбаның жеке даралығы және салыстырмалы тұрақтылығы. Адамның жазу-қозғалыс дағдысының қалыптасуы.

2. Криминалистикалық қолжазбатанудың пәні. Криминалистикалық қолжазбатануды әзірлеуде жаратылыс және техникалық ғылымдардың рөлі. Жазу зерттеуі дамуының қысқа очеркі.

3. Қолжазбатану зерттеуін жүргізу кезінде шешілетін міндеттер.

Дәріс тезистері

Қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде байланыстың жалғыз нысаны ретінде сөйлесу адамдар байланысының күрделі және артып келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандырудан бас тартты. Хат байланыстың қосымша құралы ретінде пайда болды.

Хаттың негізгі мақсаты ұзақ қашықтыққа сөйлеуді жеткізу және оны уақытында бекіту болып табылады. Бұл мақсаттарға жету үшін сөйлеу, сөз, слог, дыбыстар және т.б. тарататын арнайы сипаттама белгілер немесе бейнелер жасалады. Хаттар түрінде арнайы жасалған әріптік жүйе белгілі бір мазмұнды (мағынаны) білдіретін құрал ретінде қызмет етеді, адамдарға қарым-қатынас жасау мүмкіндігін береді, адамға жаңа білім алуға мүмкіндік береді.

Жазудың қалыптасуының ұзақ тарихы бар. Оның шығу тегі мен дамуы бірнеше мыңжылдық кезеңді қамтиды. Осы уақыт ішінде жазбалық құралдар, материалдар, оның түрлері, графикалық белгілердің құрылымы өзгерді. Адамзат символдық (идеограмма) бейнелеу (пиктограмма) жазуларынан қазіргі заманғы алфавиттік-сандық жазуға дейінгі үлкен жолдан өтті.

Қазіргі кезде хат қазіргі заманғы қоғам дамуы елестете алмайтын негізгі байланыс құралдарының бірі болды. Әрі қарай оны меңгеруге және оын пайдалануды жеңілдетені хаттың ерекшелігі – бұл тілдің фонеткасы.

Осыған сәйкес, хат – бұл дыбыстық сөйлеуге қосымша, дыбыстық сөйлеудің белгілі бір түрін көрсететін және уақыт қашықтығынан беріп, уақытында бекітуге арналған графикалық белгілер арқылы жүзеге асырылатын адамдардың сөйлесу құралдары. Техникалық тұрғыдан, адам ойын жеткізу тілі жазба белгілерімен жүзеге асырылады.

Осыларды ескере отырып, хат өзіне екі құрылымдық бөліктерді құрайды: жазба тілі, яғни мазмұны жағынан (автортанушылық зерттеу объектісі);

қолтаңба, яғни ойлардың графикалық бейнесі (қолжазба зерттеуінің объектілері). Жазу тілі ойды жеткізудің сөйлеу құралдарын қамтиды.

Қолжазба – бұл қолжазбада жазылған әдеттегі қозғалыстар жүйесі, оның қалыптасу негізі жазушы-қозғалу дағдысы болып табылады.

Идентификациялау теориясының ережелерінен объектінің теңдігін анықтау үшін оның кескінделу, жеке даралығы және салыстырмалы тұрақтылық қабілеті қасиеттеріне ие екендігі. Қолжазбада осындай қасиеттері бар ма? Бұл сұрақтардың жауабы анатомия, физиология, психология, биомеханика саласындағы қолжазбатану-ғалым мамандарымен тығыз байланыста шешілуі мүмкін.

Тағы Е.Ф.Буринский бекіткен, қолжазбатанудың криминалистикалық міндеттері толық анықталған және олар, хат жасаушы органдардың қызметі мен осы қызметтің нәтижесі арасындағы қолжазбалық заңдарды табу – қолтаңбамен.

Криминалистикалық зерттеу объектісі ретінде қолтаңбаны зерттеу кезінде криминалистикалық зерттеумен шешілетін сараптамалық міндеттерге: жеке даралығы, салыстырмалы тұрақтылығы.

Қолтаңбаның жеке даралығы.

Қолтаңбаның қалыптасу негізі жазу-қозғалыс дағдысында жатыр. Психологиялық дағдысына - адамның жеке тәжірибесінде дамыған және тұрақты және стандартты түрде белгілі бір әрекеттерді жасауға мүмкіндік беретін реттеу процестерінің жүйесі. Осы анықтамада көрінеді, табиғатта біртұтас болып табылатын адамның нақты мақсатты әрекетінің нәтижесінде дағды қалыптасады. Дағды адаммен қажетті әрекеттерді орындау кезінде тұрақтылық пен жеке даралықты қалыптастырады. Қолжазбаның осы қасиеттерге ие екендігін түсіндіру үшін жазуды үйрету аралығындағы және жазу-қозғалыс дағдысының қалыптасу үрдісіне назар аудару қажет.

Жазу-қозғалыс дағдысының қалыптасуы бір уақытта жазуды үйретумен бірге жүреді. Бұл үрдіс баланың мектепке баруына бұрын, оған қоса мектеп жасынан бұрын басталады. Психологтар жүргізген көптеген эксперименттер көрсеткендей, осы кезеңде (мектепке барғанға дейін бес-алты жыл) баланың қолайлы жағдайларда кейбір қозғалыстарды игере алауы, кейін рек оның жазу-қозғалысы дағдысы негізінің қалыптасуына өз кезегінде алып келеді. Ондағы саналы, мақсатты қозғалыстардың қалыптасуы көбінесе графикалық жаттығуларды орындауға, ата-аналардың және мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиешілерінің осы балаларға қызмет көрсету жағдайларына байланысты.

Жазу-қозғалыс дағдысының қалыптасуының келесі сатысы шапшаң жазуда жатыр. Алдыңғы деңгейден айырмашылығы (техникалық және графикалық дағдыларды меңгеріп алуы) оқушылар толықтай мазмұнының мағынасына, жазудың мазмұнына назар аударады.

Қолтаңбаны криминалистикалық зерттеу, кез-келген зерттеулер сияқты практикалық қызмет түрі болып табылады. Сондықтан, ғылыми білім саласы ретінде криминалистикалық қолжазбатану мен қолжазбатану сараптамасы арасындағы өзгешелік пен байланыс, теориясы мен тәжірибесі, ғылыми және тәжірибелік қызметі арақатынасымен анықталады. Қолтаңбаны зерттеудің

әдістемесі мен әдістері криминалистикалық зерттеулер кезінде тікелей қолданылады. Оларсыз, қолтаңба-мамандарының зерттеулері ғылыми тұрғыдан емес, тек эмпирикалық сипатта болатын еді. Теория әдіснамалық құралдарды дамыту үшін негіз болып табылады және соынмен бірге практиканы ғылыми зерттеулердің сенімділігі, ұсынылатын әдістердің тиімділігі және зерттеу әдістері туралы ақпараттар көзі ретінде пайдаланады. Ғылыми білім саласы ретінде криминалистикалық қолжазбаның пәні, әдісі және жүйесі бар. Қолжазба зерттеуі практикалық қызмет түрі ретінде криминалистикалық қолжазбадан өзгешеленетін өз пәні, өзінің объектілері, зерттеу әдістемесі мен әдістері бар.

Қолжазба зерттеуінің пәні болып қолжазба зерттеу әдіснамасын қолдана отырып, өз құзыреті шегінде қолжазба-маманы тарапынан құқық қолдану практикасының қажеттілігіне сәйкес фактілерді (дәлелдемелерді) анықтау болып табылады.

Қолжазба зерттеу пәнінің түсінігі оның міндеттеріне негізделі – зерттеу тапсырған адамның немесе органның мәселелері қамтылған, істі сотта талықауға немесе тергеп-тексеруде дәлелдемелік мәні бар фактілерді анықтау.

Зерттеу жұмысының құрылымында екі негізгі элемент бар: мақсат және оған жету жағдайы. Бастапқы мақсат пен жағдай ретінде оны іске асыруға бағытталған зерттеу материалдарында қамтылған сұрақ пен бастапқы деректер пайдаланылады.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1, 2, 3, 4, 5, 9, 19, 20, 21, 22, (2.7 бөлімді қараңыз)

2 тақырып. Жазудың идентификациялық белгілері.

Дәріс жоспары (1 сағат):

1. Криминалистикалық зерттеудегі идентификациялық белгілердің түсінігі.
2. Жазу тілінің идентификациялық белгілері.
3. Қолтаңбаның жалпы белгілері.
4. Қолтаңбаның жеке белгілері.

Дәріс тезистері

Белгілерді анықтау түсінігі криминалистикалық идентификацияның маңызды және күрделі мәселелерінің бірі.

Әрбір объект және материалдық әлемнің құбылысы көптеген қасиеттерге, сапаларға, белгілерге ие. Бұл сондай-ақ сарапшыға қойылған сұрақтарды шешу үшін криминалистикалық объектілерге қатысты, олар салыстырылатын объектілердің ең маңызды қасиеттері мен сипаттамаларын ажырата білу керек.

Объектінің құрылымы – оның маңызды жақтарының, басқа объектілермен байланысы кезінде сандық және сапалық белгілерінің көрініс табады.

Белгі – белгілі бір заттың немесе құбылысты басқалардан ерекшелейтін және танылу белгісі, таңбасы.

Әлемдік энциклопедияда айтылғандай, белгі дегеніміз – нәрселер және құбылыстар бір-біріне қалай ұқсас екендігі немесе бір-бірінен қалай ерекшеленетіндігі айтылады.

Кез-келген нәрсе, материалдық әлемнің кез-келген құбылысы белгілі бір қасиеттерге ие, яғни бұл нәрсенің, құбылыстың кез-келген жағын сипаттайды. Адам санасына қарамастан, заттардың қасиеттері объективті.

Белгілерінің құрылымына көшуі белгілерінің қалыптасу механизімін, оларды салыстыру және қасиеттерінің белгіленген заңдылықтары негізінде бағалауды талап етеді. Материалдық әлемнің кез-келген объектілерінің қасиеттерін зерттеу үшін объектінің қасиеттерін, ең тұрақты белгілерін білу маңызды.

Әртүрлі жағдайларда объектінің қасиеттерінің көріністерін зерттеу және осы қасиеттердің көрінісі мен көріну механизімін табу қажет. Мысалы, адам беті фотосуреттерінің тұрақты нүктелері мен сызықтық өлшемдері арасы барлық өзге жағдаларда түсіру бұрышына байланысты.

«Белгілері» және «құрылымы» түсінігі мазмұнының теңдігі криминалистика ғылымында, криминалистикалық зерттеулерде көрініс таппайды, белгісі түсінігі ретінде құрылымының өзінде емес, оның көрініс табуы, кескінделуі түсіндіріледі.

Жазу-қозғалыс дағдысы адамда ұзақ уақыт бойы қалыптасады. Онымен қатар, адамда өз ойын дәйекті және мағыналы түрде дұрыс білдіру дағдысы қалыптасады. Жазу тілінің идентификациялық белгілерінде адамның сөйлеу мәдениеті мен хаттың семантикалық жағы көрініс табады.

Жазу тілінің белгілері жалпы және жеке белгілерге бөлінеді және үлкен көлемді мәтіндерде зерттеледі.

Жалпы белгілері адамның жазба тілін сипаттайды және қолжазбалардың авторларының меңгеру дәрежесіне қарай саралауға мүмкіндік береді. Жалпыға ортақ негіздегі қолжазбаның авторы тек болжамды түрде ғана белгіленуі мүмкін.

Жазу тілінің жеке белгілері нақты адамның жазу тілін меңгеру дағдысына белгілі бір жақтарын сипаттайды.

Жазу тілінің белгілері көбінесе орындаушыны емес, қолжазба авторын сипаттайды.

Ең көп жалпы белгілеріне жазу тілін меңгеру деңгейі табылады. Ой-пікірлер ұсыну ретіне қарай, олардың келісімділігі, сауаттылығы, стилі, жазба тілінің үш деңгейі бөлінуі мүмкін: жоғары, орташа және төмен.

Жоғары деңгейде ұсыныстың логикалық дәйектілігі және ой тереңдігі, эрудиция, кеңейтілген сөздік қоры және сауаттылықтың жоғары деңгейімен сипатталады.

Жазу тілінің орташа деңгейі стилистикалық, лексикалық және грамматикалық дағдылардың дамуының жеткіліксіз деңгейімен сипатталады, негізгі ойды жеткізу кезінде қатаң түрде кезектілігінің және тұрақтылығының болмауы, ауызекі-тұрмыстық стильдің басым болуы.

Жазу тілінің төмен деңгейі логикалық тұрақтылықтың жоқтығы, ойдың толық ашылмауы, сөздік қорының төмендігі, сауаттылықтың төмен деңгейі.

Жазу тілі деңгейінің көрсеткіштері үш дағдының дамуы дәрежесі: грамматикалық, лексикалық және стилистикалық.

Әрбір адамда (авторы, қолжазбаны орындаушыда) осы белгілер сапалы әртүрлі.

1. Грамматикалық (орфографиялық, пунктуациялық, синтаксис) және лексикалық қайталанған қателіктерінің (екі немесе бірнеше рет) бар болуы.

2. Авторлық лексика (қолжазбада белгілі бір спецификалық сөздерді қолдануы: диалектикалық, кәсібилік, аргонизмдерді, фразеологизмдерді, архаизмдерді, арготизмдерді, вульгаризмдерді және т.б. пайдалану)

3. Екпін жасау дағдылары (тұрақты қайталануы (екі немесе одан да көп рет) қолжазбада екпін жасау тәсілі немесе тәсілдері)

4. Таңбаларды, қысқартуларды, түзетулерді (тұрақты қайталануы (екі немесе одан да көп рет) қысқартулардың тәсілдері, түзетулер, таңбаларды қолдануы) қолдану дағдылары.

Қолтаңба белгілері негізгі қағидаларына қарай (идентификациялау үшін құнды) жалпы және жеке болып бөлінеді.

Қолтаңбаның жалпы белгілері – тұтастай қолжазбада пайда болатын оның сипаттамалары болып табылады. Олар үш топқа бөлінеді:

1. Қолжазбан (топографиялық белгілердің) қозғалысының кеңістік бағдарында (орналасуын) сипатталуы.

2. Жазу-қозғалыс дағдысының қалыптасуын және деңгейлерінің сипаттамасы.

3. Олардың траекторияларына қарай қозғалысының құрылымын сипаттайтын.

Қолтаңбаның жеке белгілеріне жекелеген әріптер мен олардың элементтерін жазу және біріктіру кезінде қозғалыстардың ерекшеліктері туралы ақпарат береді. Олар нақтылы адамның жазу-қозғалыс дағдысының ерекшеліктерінде көрініс табады. Олармен қолтаңбаның жалпы белгілерімен, теңдіктің барлығы немесе жоқтығы туралы қорытынды жасауға болады.

Жалпы белгілерін зерттеуге кіріспес бұрын, жазба белгілері қандай элементтерден және бөліктерден тұратындығы туралы, зерделенетін белгілерді анықтап алған жөн.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 10, 19, 20, 23, 24, (2.7 бөлімді қараңыз)

3 тақырып. Идентификациялық қолжазба зерттеуінің әдістемесі.

Дәріс жоспары: №1 (1 сағат):

1. Қолжазбатану зерттеуі әдістемесінің жалпы ережелері.
2. Алдын-ала зерттеу.
3. Зерттеуге келіп түскен объектілерді детальді зерттеуі.
4. Зерттеу нәтижелеріне баға беру және маманның тұжырымдарды құрастыруы.
5. Зерттеу нәтижелерін рәсімдеу.

Дәріс тезистері

Қазіргі уақытта қолжазбатану зерттеуінің әдістемесін жалпы, жеке және нақты түрлерге бөледі.

Қолжазбатану зерттеуінің жалпы әдістемесі ретінде нақтылы криминалистикалық жағдай немесе белгілі бір сыныптағы қолжазбатану міндеттерін шешу мақсатында маманмен жүргізілетін зерттеу тәртібі мен мазмұнын анықтайтын әдістерінің жүйесі, құралдары және тәсілдері түсіндіріледі. Оларға қолжазбатану зерттеуінің идентификациялық, диагностикалық және ситуациялық әдістемелері табылады.

Қолжазбатану зерттеуінің жеке әдістері зерттеудің типін, түрін және түр тармағын шешудегі маманның қызметін анықтайды. Мысалға, қолжазба мәтіндерін идентификациялық зерттеуінің қолжазбатанушылық әдістемелері өз кезегінде келесідей түрлерге бөлінеді: ерекше жағдайларда орындалған және өзгерту әдісіне қарамастан, әдейі өзгертіп орындаған қолтаңбамен орындалған қолжазба мәтіндерін қолжазбатану идентификациялық зерттеуінің әдістемесі.

Қолжазба мәтіндерін қолжазбалық идентификациялық зерттеудің тапсырмаларын жіктеуді жалғастыра отырып, жантаюы, көлемі, жылдамдығы, қосылыстың дәрежесін өзгерту арқылы әдейі өзгертілген қолжазба (түр тармағын зерттеу) арқылы орындалған мәтіндерді қолжазбалық зерттеу әдістерін ажыратуға болады; қолжазба құрылымы мен жеке белгілердің өзгеруі; құзыретті өзгерістер; кәдімгі жазбаша қолдың өзгеруі (әдетте, сол жақтың ерекше әріптерінде); баспа түріндегі әріптерге немесе стильдендірілген әріптерге ұқсатуға тырысу; кішкене дамыған практикалық қолжазбаға ұқсатуға тырысу; жазбаша жазбаларға ұқсатуға тырысу; басқа тұлғаның қолтаңбасына ұқсатуға тырысу және т.б.

Нақты әдістеме ретінде нақты объектіні нақты орындаушымен орындағанын криминалистикалық зерттеу түсіндіріледі.

Осы тарауда қолжазбатанудың идентификациялық зерттеуінің жалпы әдістемесі талқыланады.

Криминалистикалық зерттеу теориясының жалпы сұрақтарына арналған криминалистикалық әдебиеттерде заттай дәлелдемелерді зерттеу үрдісі келесідей негізгі сатыларға бөлінеді:

Алдын ала зерттеу.

Зерттеуге келіп түскен объектілерді детальді зерттеу.

Зерттеу нәтижелеріне баға беру және маман тұжырымдарын құрастыру.

Жүргізілген зерттеу нәтижелерін рәсімдеу.

Алдын ала зерттеу сатысында, тергеушінің қаулысымен танысудан бастау алады, қолжазбатану сараптамасын тағайындаған сотты анықтау, шартты түрде 6 кезеңге бөлінеді. Бірінші кезеңінде маман зерттеуге келіп түскен материалдармен танысу, барлық құжаттардың бар-жоқтығын тексеру, оның ішінде тергеушінің қаулысын тексереді. Құжаттардың бірде-біреуі болмаған жағдайда, маман бұл туралы тиісті акт жасайды және нақты мән-жайларға (жетіспейтін құжаттың маңыздылығын және т.б.) байланысты барлық материалдарды тергеушіге қайтарады, ауызша немесе жазбаша түрде маманның қарамағына жетіспейтін материалдарды беру туралы сұрай жасайды. Оларды алғанға дейін ол осы материалдармен жұмыс істемеуге құқылы.

Зерттеудің осы сатысында қарапайым криминалистикалық-техникалық құралдар – лупа, бинокулярлы микроскоптар қолданылады.

Жұмыс жоспарын құрастырғаннан кейін, маман қолжазба үлгілері мен даулы құжатты детальды зерттеуге кіріседі.

Бұл сатының мазмұны даулы қолжазба хаттарының барлық идентификациялық белгілерін және оны жазуға күдіктенген адамдардың үлгілерін дәйекті түрде бөлек зерттеу, жеке талдау және осы белгілерді алдын ала бағалау нәтижесінде анықталған идентификациялық белгілерінің белгілі бір жиынтығын әрі қарай салыстырмалы зерттеу.

Салыстырмалы зерттеу толық және шынайы болуы қажет. Идентификациялық объектілерді детальды зерттеу үрдісінде маман жекелеген сәйкес немесе айырым белгілеріне белгелеріне назар аударып қана қоймай, жазба белгілерінің жиынтығын анықтауы қажет.

Детальді зерттеу сатысында қолтаңбаны бөлек-бөлек және салыстырмалы зерттеу үрдісінде анықталған белгілері, өз кезегінде ол белгілердің тұрақтылығын анықтау, белгілерін алдын ала бағалауымен аяқталады.

Салыстырмалы зерттеу нәтижелерін бағалау - ең жауапты сатысы болып табылады: бұл сандық және сапалық белгілерінің құндылығын ұғынудағы күрделі әрекеті. Оның нәтижелері идентификациялау үрдісі жұмысын сапалы жүргізуіне байланысты.

Қолжазбатану зерттеу үрдісі маманның қорытынды құрастыруымен, бұл тұжырымдардың негіздемесі фото кестеде суреттелуімен аяқталады.

Зерттеу нәтижелерін дұрыс рәсімдеу, зерттеудің толықтығы және сапасы, анықталған белгілер жиынтығын бағалау және көрнектілік материалдарын – тергеуші мен соттың зерттеу нәтижелерін дұрыс бағалау кепілі.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 2, 3, 7, 44, 45 (2.7 бөлімді қараңыз)

4 тақырып. Қолжазба зерттеуінің идентификациялық міндеттерін шешу кезінде қолданылатын модельдеудің математикалық әдістері.

Дәріс жоспары: №1 (1 сағат):

1. Қарапайым жағдайда орындалған (өзгертілген қолтаңбамен) үлкен және орта көлемді мәтіндерді идентификациялық зерттеуінің әдістемесі.
2. Әріпті мәтіндерді зерттеу кезінде қолтаңбаны әдейі өзгерту фактісін анықтаудың әдістемесі.
3. Аз көлемді қолтаңба объектілерін зерттеудің әдістемесі.
4. Жеке орындаушының қасиеттерін анықтау әдістемесі.

Дәріс тезистері

Қолжазбаның сипатын, сондай-ақ оның негізгі қасиеттерін – даралықты, тұрақтылықты, вариациялықты көрсететін үлгілерді көрсетудің ықтималдық-статистикалық сипатын жаңа түсіну білімінің осы саласын кең математизациялау үшін қолайлы алғышарттар құрады. Ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистиканы дамытумен қатар бұл қолжазбалық

объектілерді зерттеуге арналған модельдік әдістердің маңызды топтарын құру үшін негіз болды.

Қолжазбатану зерттеуі міндеттерін шешу үшін сараптаманың әртүрлі әдістері қолданылуы, төмендегідей қолданылатын әдістердің негізінде сараланған болуы мүмкін: сапалық-сипаттаушылық, моделдеу және кешенді әдістері, сапалық, сандық және құралдық әдістердің тіркемесін қамтиды. Қолжазбатанушылық сараптамасының негізгі модельдеу әдістеріне графикалық, математикалық немесе компьютерлік модельдеулер кіреді.

Модельдік әдістерінің ішінен осындай зерттеулерді жүргізу практикасында математикалық (ықтимал-статистикалық) модельдеуге негізделген әдістер кеңінен қолданылады, содан кейін компьютерлік құралдарды автоматтандыру және сандық әдістер деп аталады. Н.П.Майлис белгілерді математикалық сипаттау әдісі ретінде математикалық моделдеуді анықтайды, оның артықшылығы өлшеуді қамтиды, өйткені байқау немесе сапалық белгілердің сипаттамасы объектінің сандық сипаттамалары туралы нақты ұғым бере алмайды.

Модельдік әдістері қолтаңбаның қасиеттерін зерттеуге қол жеткізуге мүмкіндік береді және олардың тікелей қабылдайтын «жасырын» қасиеттері: даралығы (белгілердің идентификациялық маңызы) тұрақтылық және вариациялық сипаты. Математикалық әдістері зерттеу әдісінің шынайылығын, қорытындылардың ғылыми негізділігін және деректілігін арттырады.

Сандық әдістердің басты айырмашылығы – оларда қолданылатын ықтималдық-статистикалық тәсілдердің принципі, оның көмегімен қолжазбалардың кейбір топтарында белгілі бір ақпараттық сипаттамалар кешендерінің өзара тәуелділігі зерттеліп, анықталады. Бұл белгілерге қандай да бір тұжырымның пайда болғанын білдіретін, талапты білдіретін маңызды мән беріледі. Әрбір моделдік әдіске шешім қабылдау және шешім қабылдау ережесі әзірленеді.

Осыған сәйкес, модель (сандық) әдісі – мәселені шешуге арналған ақпараттық белгілер мәндерінің жиынтығы негізінде қолжазба объектілерінің белгілерін анықтаудың формальды рәсімі, анықталған белгілердің тұтас жиынтығына қорытынды жасау үшін шешуші функцияны және шешуші ережені айқындайды.

Осы модельдік әдістердің негізгі мазмұнын зерттеу мәселесін шешу үшін анықталған жиынтығын бағалауды жүзеге асыратын қолтаңба, шешуші функциялар мен шешімдер ережелерінің сапалық белгілерінің маңыздылығы туралы сандық ақпараттары болып табылады. Бұл әдістер маманға ұқсас объектілердің үлкен саны бойынша арнайы статистикалық эксперимент нәтижесінде құрылған белгілердің маңыздылығына қарай зерттеудің нақты объектісі туралы жаңа объективті сандық ақпаратты алуға мүмкіндік береді.

Идентификациялық міндеттерді шешу үшін модельді әдістерін қолданудың негізгі мазмұны шешімдер қабылдау үшін жеткілікті жалпы жиынтығының маңыздылығын анықтауға бағытталған.

Кіші көлемді қойылған қолдарды зерттеудің заманауи сандық әдістері объектілердің барлық параметрлерін толық автоматтандырылған өлшеуді және компьютерлік технологияны пайдалана отырып есептеуді ұсынады.

Қолжазба зерттеулеріндегі математикалық модельдеу мүмкіндіктерін талдай келе, зерттелетін объектілердің шеңберін және шешілетін міндеттері қазіргі заманғы криминалистика практикасында осы зерттеулердің рөлін жоғары бағалайды. Қолжазба зерттеулерінің сипатталған модельдік әдістері практикалық қолданысқа келтірілген. Жалпы алғанда, осы әдістердің жиынтығы динамикалық сипатқа ие, ол қолданыстағы әдістерді үнемі жетілдіріп, қолжазба зерттеулерінің жаңа әдістерін жасау мен қабылдау кезінде көрінеді.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43 (2.7 бөлімді қараңыз)

Практикалық сабақтар

1 тақырып. Қолжазба зерттеуінің теориялық негіздері.

1-1 практикалық сабақ жоспары (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Жазудың даму тарихы және жазуды зерттеу.
2. Жазу-қозғалыс дағдысының қалыптасуының физиологиялық негіздері.

Практикалық тапсырма:

Практикалық сабақ барысында оқытушы курсанттарға еркін үлгідегі мәтінде оқи отырып, 0,5 көлемнен тұратын жазба жұмысын жекелеген парақтарға орындатады. Қолжазба мәтіні орындалған парақтарды жинап алып, оларды араластырып, қайта тарата отыра, оларды қарап-тексеруді, зерделеуді тапсырады: жазу тілінің белгілерін, қолтаңбаның (жалпы және жеке) белгілерін. Курсанттар іздестіру кестесін құрастырады, оларды іздестіру кестесінде көрсетілген белгілермен салыстырады және қолжазбалардың қайсысы үлгі ретінде зерттеуге жіберетіндігін анықтайды.

Оқытушы әрбір курсанттың практикалық тапсырмаларын орындауларына бақылау жасайды, практикалық көмек көрсетеді, пайда болған сұрақтарға жауап береді.

Курсанттар практикалық тапсырмаларға дайындалу кезінде дәріс сабағының конспектілерін, ұсынылған әдебиеттерді пайдаланулары қажет.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1, 2, 3, 4, 5, 9, 19, 20, 21, 22, (2.7 бөлімді қараңыз)

1 тақырып. Қолжазба зерттеуінің теориялық негіздері.

1-2 практикалық сабақ жоспары (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Тұлғаны идентификациялауға көмектесуші қолтаңба құрылымы.
2. Соттық қолжазбатануды дамытудың заманауи жағдай және келешегі.

Практикалық тапсырма:

Қолжазба мәтіндері түріндегі №1 және №2 зерттеу объектілерін алу.

№1 құжаттан жазу тілінің жалпы және жеке белгілерін оқып білу.

Жазу тілінен анықталған жалпы және жеке белгілерін жұмыс дәптерлеріне бекіту.

Қолжазба авторын анықтау үшін қолданылуы мүмкін белгілерін анықтау және сипаттау.

Курсанттар сабақ тақырыбы бойынша оқу-бақылау бағдарламаларын шешеді, қосымша сұрақтарды қарастырады.

Курсанттар практикалық тапсырмаларға дайындалу кезінде дәріс сабағының конспектілерін, ұсынылған әдебиеттерді пайдаланулары қажет.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1, 2, 3, 4, 5, 9, 19, 20, 21, 22 (2.7 бөлімді қараңыз)

2 тақырып. Қолжазба зерттеуінің теориялық негіздері. (4 сағат)

2 тақырып. Жазудың идентификациялық белгілері. (4 часа)

2-1 практикалық сабақ жоспары (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Жазудың идентификациялық белгілерін атап өту.

2. Қолжазбаның жеке белгілерінің әліпби және мәтіндік дамуының мәні.

Практикалық тапсырма:

Қолжазба мәтіндері түріндегі №1 және №2 зерттеу объектілерін алу.

№1 құжаттан жазу тілінің жалпы және жеке белгілерін оқып білу.

Жазу тілінен анықталған жалпы және жеке белгілерін жұмыс дәптерлеріне бекіту.

Қолжазба авторын анықтау үшін қолданылуы мүмкін белгілерін анықтау және сипаттау.

Курсанттар сабақ тақырыбы бойынша оқу-бақылау бағдарламаларын шешеді, қосымша сұрақтарды қарастырады.

Курсанттар практикалық тапсырмаларға дайындалу кезінде дәріс сабағының конспектілерін, ұсынылған әдебиеттерді пайдаланулары қажет.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 10, 19, 20, 23, 24 (2.7 бөлімді қараңыз).

2-2 практикалық сабақ жоспары (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Қолтаңбаның идентификациялық белгілерінің түсінігі.

2. Қолтаңбаның жалпы белгілерінің тұрақтылық деңгейі және идентификациялық маңызы.

Практикалық тапсырма:

Ұсынылған қолжазба мәтінінен (№1 құжат) оқытушының жетекшілігімен жұмыс дәптеріне келесідей кесте бойынша қолтаңбаның жалпы белгілерін жазу.

Белгілерінің атауы	Нақты белгілерінің көрінісі		Салыстыру нәтижелері
	Зерттелетін қолтаңбалар	Қолтаңба үлгілерінен	
1	2	3	4

Курсанттар сабақ тақырыбы бойынша оқу-бақылау бағдарламаларын шешеді, қосымша сұрақтарды қарастырады.

Курсанттар практикалық тапсырмаларға дайындалу кезінде дәріс сабағының конспектілерін, ұсынылған әдебиеттерді пайдаланулары қажет.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 10, 19, 20, 23, 24 (2.7 бөлімді қараңыз).

2-3 практикалық сабақ жоспары (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Қолжазба орындаушысын (авторын) іздестіру және идентификациялау үшін жазу тілінің белгілері мен қолжазбаның жалпы белгілерінің мәні.

2. Әріптерді орындау кезінде қозғалыстың (құрылысының) күрделілігі. Жазу белгілері және олардың элементтерін орындау және біріктіру кезіндегі қозғалыстың нысаны.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар оқытушының жетекшілігімен ұсынылған салыстырмалы материалдарынан қолтаңбаның идентификациялық жеке белгілерін көрсетеді.

Әліппелік әзірлемелерді құрастырады.

Курсанттар сабақ тақырыбы бойынша оқу-бақылау бағдарламаларын шешеді, қосымша сұрақтарды қарастырады.

Курсанттар практикалық тапсырмаларға дайындалу кезінде дәріс сабағының конспектілерін, ұсынылған әдебиеттерді пайдаланулары қажет.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 10, 19, 20, 23, 24 (2.7 бөлімді қараңыз).

2-4 практикалық сабақ жоспары (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Жазу белгілері және олардың элементтерін орындау кезінде қозғалыс бағыты. Жазу белгілері және олардың элементтерін орындау кезінде қозғалыстың ұзақтығы. Жазу белгілері және олардың элементтерін орындау кезінде қозғалыстарының байланысу деңгейі немесе байланысының түрі.

2. Жазу белгілерін және олардың элементтерін орындау кезінде қозғалыстарының саны. Жазу белгілерін және олардың элементтерін орындау кезінде қозғалыстардың кезектілігі. Қозғалыстарды салыстырмалы орналастыру.

Практикалық тапсырма:

1. Зерттеліп отырған қолтаңбадан жазу белгілерін орындау кезіндегі қозғалыстар түрлерін оқып білу және жазу ережелерін бұза отырып орындаған белгілерін анықтау. Бұл белгілер тобына жазбаша ережелерді бұзудың келесі жағдайлары кіреді:

- әріптерді орындау кезіндегі қарапайымдылық немесе күрделілік;
- оларды белгілі бір белгі түрімен ауыстырылғандығы;
- шетел әліпбиі әріптерімен ауыстырылғандығы;
